TORAIGHYROV UNIVERSITY

**БЕКІТЕМІН**
Факультет деканы
_________ Колесников Ю. Ю.
«26» 06 2024 ж.

# ДОКТОРАНТУРАҒА ТҮСУШІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН СҰХБАТТАСУ БАҒДАРЛАМАСЫ

| Негізгі мәліметтер | | | |
|---|---|---|---|
| Факультет/кафедра | Экономика және құқық / Экономика | | |
| Білім беру бағдарламасының коды және атауы | 8D04101 – «Экономика» | | |
| | Дәрежесі/лауазымы | Аты-жөні | Қолы |
| Әзірлеуші | э.ғ.к./ профессор | Титков А.А. | |
| Кафедра меңгерушісі | э.ғ.к./ профессор | Титков А.А. | |
| Факультеттің ОӘК төрағасы/төрайымы | Магистр/ ОЖ жөніндегі деканның орынбасары | Мубаракова Б.Б. | |
| Кафедра отырысында қарастырылды | | Хаттама/Күні | №13 04/06/24 ж. |
| Факультеттің ОӘК отырысында қарастырылды | | Хаттама/Күні | №11 26/06/24 ж. |

TORAIGHYROV UNIVERSITY
НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО

## Оқуға түсушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

**1 Сұхбаттасудың мақсаты мен міндеттері**

Сұхбаттасудың мақсаты жоғары оқу орындарының түлектерінің магистратурада оқу кезінде алған білімдерін тексеру және бағалау, докторантурада оқуға ынталандыру деңгейін анықтау болып табылады.

8D04101 – «Экономика» білім беру бағдарламасы бойынша докторантурада оқу Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде оқытудың жалғасы болып табылады және магистранттарды даярлаудың оқу жоспарында көзделген пәндерді білуге негізделеді.

Қабылдау емтиханының міндеттері:

- дайындық бағытына байланысты мәселелерде үміткерлердің құзыреттерін анықтау;

- ғылыми зерттеулер жүргізу үшін ғылыми қызығушылықтарды анықтау;

-ғылыми жарияланымдар, ғылыми-практикалық, халықаралық конференцияларға қатысу тәжірибесін анықтау;

- қазақстандық ғалымдармен, жақын және алыс шетел ғалымдарымен ғылыми байланыстар шеңберін анықтау.

Докторантураның жалпы құзыреттері:

**- білу:** жаһандану және интернационалдандыру жағдайында қазақстандық ғылымның дамуының қазіргі тенденциялары, бағыттары мен заңдылықтары; ғылыми танымның әдіснамасы; тиісті саладағы әлемдік және қазақстандық ғылымның жетістіктері;

**- істей білу:** ғылыми зерттеулер процесін ұйымдастыра, жоспарлай және іске асыра білу; зерттеу саласындағы әртүрлі теориялық тұжырымдамаларды талдай, бағалап, салыстырып, қорытынды жасай білу; әртүрлі ағындардан алынған ақпаратты талдай және өңдей білу; қазіргі заманғы білім мен талдау әдістері негізінде дербес ғылыми зерттеулер жүргізе білу; өзінің әрі қарай кәсіби ғылыми дамуын жоспарлау және болжай білу.

**- дағдыларды иелену:** сыни талдау; түрлі ғылыми теориялар мен идеяларды бағалау және салыстыру; аналитикалық және эксперименттік ғылыми қызмет жасау; зерттеу нәтижелерін жоспарлау және болжау; халықаралық ғылыми конференцияларда, форумдарда, семинарларда көпшілік алдында сөз сөйлеу; ғылыми жазу және ғылыми коммуникация; заманауи ақпараттық және инновациялық технологияларды пайдалана отырып, патенттік іздестіру және ғылыми ақпарат жүргізу дағдыларына ие болу.

**- құзыреттілікті иелену:** ақпараттық ресурстардың тез жаңаруы мен өсуі жағдайында ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызмет саласында; теориялық және эксперименттік ғылыми зерттеулер жүргізуде; ғылыми зерттеуде теориялық және қолданбалы міндеттерді қоюда және шешуде; тұрақты кәсіби және ғылыми өсуді қамтамасыз етуде құзыретті болуға тиіс.

## 2 Сұхбаттасудың ұйымдастырылуы мен өткізілу нысаны

Сұхбаттасу өткізу нысаны – ауызша. Сұхбаттасудағы ұпайлардың жалпы саны-30. Балдарды бағалау критерийлері 3-бөлімде ұсынылған.

Сұхбаттасуды тиісті бейін бойынша ғылым докторы, кандидаты немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар профессор-оқытушылар құрамынан қалыптастырылатын емтихан комиссиясы жүргізеді. Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді. Емтихан комиссиясының құрамы оның төрағасы көрсетіле отырып, университет басшылығының бұйрығымен бекітіледі.

Комиссия түсушілердің теориялық және практикалық даярлық деңгейінің белгіленген жалпыға міндетті стандарттарға сәйкестігін, жалпы кәсіптік және арнайы пәндер бойынша білімн, іскерліктің және практикалық дағдылардың нақты деңгейін, жауаптардың қисындылығы мен аргументтілігін, ғылыми қызметке ынтасы мен қызығушылығын, ғылыми негіздеме мен ғылыми-зерттеу жұмыс тәжірибесін айқындайды.

Сұхбаттасудың қорытынды бағасы әрбір критерий бойынша бағаланады және 30 балдан аспауы тиіс.

Сұхбаттасу нәтижелері емтихан комиссиясы отырысының хаттамасымен ресімделеді және ол өткізілген күні жарияланады.

## 3 Сұхбаттасуды бағалау критерийлері

| № | Критерийлер | Дескрипторлар | Ұпайлар |
|---|---|---|---|
| 1. | Мотивация | Таңдалған ББ бойынша докторантурада оқуға және белгілі бір ЖОО-ға түсуге арналған уәждерді дәлелдеу. Оқуды аяқтағаннан кейін кәсіби және жеке өсу перспективаларын көру. | 5 |
| 2 | Зерттеу құзыреттілігі | Белгілі бір пәндік саладағы ғылыми-зерттеу қызметі үшін қажетті зерттеу дағдылары мен тәжірибесін меңгеру. | 10 |
| 3. | Креативті ойлау | Стандартты емес ойлау, проблемаларды, ситуациялық мәселелерді шешудің шығармашылық және балама тәсілдері. | 10 |
| 4. | Коммуникативті | Өз көзқарасын қысқаша, өкілді, логикалық, дәлелді түрде жеткізе білу, жалпылау және қорытынды жасау. Тілдерді меңгеру. | 5 |
| **Ең көп ұпай саны** | | | 30 |

## 4 Сұхбаттасуда қойылатын сұрақтардың тізімі

1 Магистратурада оқу кезінде қандай экономикалық пәндерді оқыдыңыз?

2 «Экономика» ғылым ретінде нені білдіреді?

3 Мемлекет қызметін сипаттайтын негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер туралы не білесіз?

4 Кез келген мемлекеттің экономикасына тән негізгі іргелі экономикалық мәселелер қандай? Қандай негізгі экономикалық заңдарды білесіз?

5 Қазақстан экономикасы мен ғылымының қазіргі даму тенденциялары, негізгі мемлекеттік стратегиялық бағдарламалары қандай?

6 Әлемдік экономикалық тенденциялар қандай?

7 «Ғылым» дегеніміз не?

8 Сіздің ғылыми қызығушылықтарыңыз қандай?

9 Сіздің ғылыми біліміңіз: ғылыми жарияланымдарға, ғылыми конференцияларға, форумдарға, семинарларға қатысу деңгейіңіз қандай?

10 Ғылыми жұмысыңыздың басымдылықтары қандай? Жоспарланған диссертациялық зерттеудің тақырыбы, оның өзектілігі жайлы не айтасыз?

11 Ғылыми зерттеудің негізгі кезеңдері, әдістері, ғылыми зерттеу жүргізу алгоритмі қандай?

### Әдебиет

1 «Қазақстан – 2050» Стратегиясы. Электрондық ресурс:https://www.akorda.kz/ru/official_documents/strategies_and_programs

2 Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары. Электрондық ресурс:https://www.akorda.kz/ru/official_documents/strategies_and_programs

3 «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. Электрондық ресурс:https://www.akorda.kz/ru/official_documents/strategies_and_programs

4 Қазақстан Республикасының ұлттық жобалары. Электрондық ресурс:https://www.akorda.kz/ru/official_documents/strategies_and_programs

5 Қазақстандағы ғылым. Электрондық ресурс:https://ru.wikipedia.org/wiki/Наука_в_Казахстане

6 McConnell, Campbell. Economics : Principles, Problems, & Policies [англ.] / Campbell McConnell, Stanley Brue, Sean Flynn. - 22st Ed. - McGraw-Hill, 2021.

7 Байбородова Л. В., Чернявская А. П. Методология и методы научного исследования. Учебное пособие. - М.: Юрайт. 2018. 222 с.

8 Розанова Н. М. Основы научных исследований. Учебно-практическое пособие. - М.: КноРус. 2020. 328 с.

9 Цыпин Г. М. Работа над диссертацией. Навигатор по "трассе" научного исследования. - М.: Юрайн. 2019. 36 с.